- 7) Guide to preparing for an audit: A practical guide for beginners. Author: Ivanov A.B., Audit and Consulting Publishing House, 2021.
- 8) Article "Features of preparing for audits: practical advice". Author: Petrova M.I., Audit Practice magazine, issue No. 3, 2022.
- 9) Lecture course "Audits: preparation and conduct". Lecturer: Sidorov E.P., Moscow State University of Economics, Statistics and Informatics, 2020-2021 academic year.

УДК 65.02

К.М. Жумаксанова¹, А.З.Альжанова²

Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты,
Алматы қ., Қазақстан

¹E-mail: karlusha.76@mail.ru

²E-mail: anaraalzhanova@mail.ru

ШЕШІМДЕРДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

ТЕХНОЛОГИЯ РАЗРАБОТКИ И ПРИНЯТИЯ РЕШЕНИЙ

TECHNOLOGY OF DEVELOPMENT AND ACCEPTANCE OF DECISIONS

Аннотация: Шешім қабылдау кез келген басқару функциясының негізгі бөлігі болып табылады. Шешім қабылдау, мақсаттарды тұжырымдау және оларға қол жеткізу қажеттілігі менеджердің барлық әрекеттерін бақылауға мүмкіндік береді. Сондықтан шешім қабылдаудың табиғатын түсіну басқару өнерінде жоғары нәтижеге қол жеткізгісі келетін кез келген адам үшін өте маңызды болып саналады.

Түйін сөздер. Басқару, басқару шешімі, стратегия, шешім әзірлеу.

Аннотация. Принятие решений является ключевой частью любой функции управления. Необходимость принятия решений, формирования целей и их достижения позволяет контролировать все действия менеджера. Поэтому понимание природы принятия решений считается очень важным для каждого, кто хочет достичь высоких результатов в искусстве управления.

Ключевые слова. Менеджмент, управленческое решение, стратегия, разработка решений.

Abstract. Decision making is a key part of any management function. The need to make decisions, formulate goals and achieve them allows you to control all the actions of the manager. Therefore, understanding the nature of decision making is considered very important for anyone who wants to achieve excellence in the art of management.

Keywords. Management, management decision, strategy, solution development.

КІРІСПЕ

Басқарудың қазіргі таңдағы маңызды функцияларының бірі болып шешім қабылдау әдісі саналады. Шешім қабылдау барысында оған жетуге мүмкін болатын акпараттардың көлеміне сүйенген жөн. Әдетте мамандар мұндай жағдайда мәселені шешуге мүмкіндік беретін саналы рәсімдерді жүйелі жүзгіге отырып, қызмет бағытын анықтайды. Алайда, кей кездері жанама әсерлер мен айқынсыздықтың әсерлері көрініс береді, сондықтан да басқарушылық шешімдері көп жағдайда толығымен жетілмеген болып келеді және бір уақыттары қосымша шешімдерді енгізе отырып, оларға бақылау жүргізуге болады [1, 456].

Шешім қабылдау – кез келген басқару функциясының негізгі бөлігі болып табылады. Шешім қабылдаудың қажеттілігі, мақсаттарды қалыптастыра және оған қол жеткізе отырып, басқарушының барлық іс-әрекетін қадағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан да, шешім қабылдау табиғатының түсінігі – басқару өнерінде жоғары нәтижеге жетуге ұмтылушылардың кез-келгені үшін де аса маңызды жайт болып саналады

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Басқаруды адамдар сондай-ақ адамдардан басқа да іс-әрекет салаларында өнерді, тәжірибені, теориялық білімді практикалық мақсатта қолдана білу сан ажырамас болып саналады. Әсіресе, басқару шешімдерін қабылдағанда және жүзеге асырғанда бұл айқын көрінеді.

Шешім қабылдау процесінің интуитивтік пайымдауға негізделген немесе тиімді сипаты болады.

Интуитивтік шешім бұл – бір нәрсенің дұрыстығын сезуге негізделген таңдау. Мұндайда шешім қабылдайтын адамдар әрбір балама варианттарға “келісу” және “қарсы болу” жағын қарастырып жатпайды мұны адамның өз таңдауы біледі.

Пайымдауға негізделген шешім – бұл білімге немесе жинақталған тәжірибеге негізделген таңдау. Бұрынғы ұқсас жағдайларда не болғанын біліп, нақты жағдайда балама варианттардың нәтижесін болжамдау үшін білімін пайдаланады. Сөйтіп ол бұрынғы жеткен табысы бойынша балама варианттарды таңдайды.

Пайымдау негізінде шешімді тікелей басшының өзі қабылдайтындықтан, оны қабылдаудың біршама артықшылықтары бар.

Шешім жасаудың және қабылдаудың принципі осы шешімді қабылдаудың “технологиялық процесінің енгізілуіне” қарамастан оның барлық кезеңдер мен линиясы шешім түріне байланысты. Қарапайым міндеттерді шешкен кезде аталған кезеңдердің барлығын пайдалану міндет емес және де керісінше біршама күрделі міндеттерді әсіресе перспективалық мәселелерді шешкен кезде шешім қабылдауға әдетте барлық кезеңінде енгізіледі.

Келтірілген кезеңдерде көрсеткендей, басқару шешімін жасаудың және қабылдаудың қатаң логикалық құрылымы болады, әрі қабылдайтын шешімге қарай айқын бірізділікті қажет етеді. Алайда кез келген жағдайда, бұл жұмыстың барлық сатысы әзірлік негізге және қортынды кезеңдерге бөлінеді.

Шешімді қабылдаудың қазіргі кезеңінде кез-келген деңгейдегі басшы өндірістік, экономикалық, әлеуметтік жағдайларды бағалаудан бастауы тиіс. “Жағдай” ұғымына шешім қабылдауға тура келетін, әрі басқару жүйесіне ықпал етіп оны жаңа жағдайға ауыстыратын ішкі және сыртқы жағдайлардың барлық жиынтығы енеді.


Жағдайдың өзі тұтастай ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын немесе оның жекелеген өндірістік бөлімшелер, жұмыскерлер тобын, жекелеген орындаушыларды қамтуы мүмкін. Жағдайдың қалыптасуы сипатына қарай қабыл-

данатын басқару шешімінің де өзіндік типі болады. Жағдайды дер кезінде бағалау және дұрыс түсіну көбінесе басқару шешімін қабылдау уақытына байланысты [2, 1506].

Басшы қалыптасқан жағдайды жете ұға білуі тиіс. Жағдайды бағалау үрдісінде қабылданатын шешімнің мақсаты қалыптасады, бұл міндетті шешу процесінің бірінші кезеңі, мақсат дегеніміздің өзі басқаратын объектіге қолайлы, әрі қажетті ықпал ету болып саналады, соның нәтижесінде қалыптасқан жағдай тиімді шешілетін болады.

Проблема мен мақсат дұрыс тұжырымдалған жағдайда міндеттің шешілуі 50 пайызға қамтамасыз етіледі деп есептеуге болады. Басшының міндеті-өндірістік-техникалық, экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік сипатта басқару жүйесінде пайда болуы мүмкін проблемаларды дер кезінде айқындау.

Эксперттер жұмысын қатаң талдауға бақылаудың нақты ойластырылған саясатының болмауы қарама-қарсы және қайшылықты шешімдердің пайда болуына соқтырады. Таңдау мәселесінің күрделілігі кәсіпорындағы қазіргі таңда жүргізілмейтін, қабылданатын шешімдердің нұсқаларын талдау бойынша маман-шеберлерді дайындау мен олардың қызметін пайдалануды талап етеді және арнайы талдау әдістерін өңдеу мен оны тәжірибелік қолдануды, сонымен қатар шешім қабылдау барысында туындайтын күрделі баламаларды салыстыруды қажет етеді.



1-сурет. Шешім қабылдау кезеңі

Шешімдер қабылдаудағы бірінші қадам – бұл мәселенің диагностикасы. Мәселені қарастырудың екі әдісі бар:

- алға қойылған мақсаттарға жетпеген кезде мәселе туындайды (білінеді) ;
- ұйымның алдында ашылатын (немесе ашылмайтын) потенциалдық мүмкіндік тәріздес мәселе.

«Мәселені айқындасаң, оны 50%-ға шештім деп сана» - деген сөз бізге жақсы белгілі. Шешім қабылдау кезінде диагностиканың мәні зор, себебі ол пікірлердің барлық тізбегінің басы болып табылады. Егер бұл кезеңде қателессе, оң нәтижелер күту қажет болмайды. Диагностиканың келесі кезеңдерді қосатын кейбір процедуралары бар:

- қиыншылықтардың немесе бар мүмкіндіктердің себептерін ұғыну және анықтау, мысалы, шығарылған бақылаудың базасында;
- ұйымның сыртқы және ішкі қызмет ортасы туралы мәліметтің жиыны және талдауы;
- мәліметтің ісіне жататын таңдау (релевантты);
- шектеулер мен шешім қабылдау белгілерінің тұжырымдамасы [3, 80б].

Көптеген шешімдер қорлардың жеткіліксіздігінен іске асырыла алмайды: қаражаттардың тапшылығы, білікті кадрлардың жоқтығы, шикізаттың қымбаттылығы, жоғары бәсекелестік және т.б. Бұл альтернативаны қарастырғанда кең таралғаны- шектеу болып табылады. Шектеулерге сонымен қатар әр түрлі заңдық актілер жатады, оларды ұйым жетекшілері өзгерте алмайды. Қазіргі шектеулерге қосымша стандарттар қабылдау керек, олардан альтернативті шешімдерді бағалай аламыз. Бұл шешім қабылдау белгілері. Мысалы, қаражат салудың әр түрлі нұсқаларын қарастырған кезде жетекші салынған капиталдан пайда жоғары болатын нарықтарға тоқталады. Шешім қабылдаудың белгілі пайыздан төмен болмайтын қайтарым коэффициенті түріндегі стандарты пайда болады.

Альтернативаны анықтау. Жоғарыда айтылғандай, жетекшіде шешімдердің әр түрлі нұсқалары бар. Ең жақсысы ұйымның мәселелерін шеше алатын барлық мүмкін альтернативаларды жинап, қарастыру. Жүзеге асыруда үлкен біліммен және ақпараттармен қамтылған нұсқалар қабылданады. Жетекшілер ұтымды шешімді іздестіру аса көп уақыт алатынын және қымбат тұратынын түсінеді. Сондықтан көбінесе мәселені шешуге мүмкіндік беретін қарапайым шешім қабылдайды, бірақ ол әрдайым ең тиімді бола бермейді.


Альтернативаны бағалау. Кез келген шешім оң және теріс салдар әкелетіні анық. Сондықтан, ұйымдарда ұтымды шешім таңдау процедуралары болуы керек. Әрбір шешімнің жақсы жақтары мен кемшіліктері қарастырылуы керек және жақсы жақтар мен кемшіліктердің компромисі табылуы қажет. Шешімді бағалау және таңдау кезінде жетекші жағдайдың ары қарай дамуын болжамдауға тырысады. Сондықтан, бағалауда маңызды кез болып әрбір мүмкін нұсқаның жүзеге асырылу ықтималдылығын анықтау болып табылады.

Егер мәселе дұрыс диагностикаланса және мүмкін альтернативалар қарастырылса, ақырғы таңдау жасалады. Әдетте, ол мына негізде іске асады:

- бір үстем болатын белгі (мысалы, бір саладағы қор қайтарым екіншісінен жоғары болған кезде);
- белгілердің жиынтықтары, олардың әрбіреуі әр түрлі тұрғыларды есепке алуы тиіс (мысалы, қаражаттардың жеткілікті саны, қордың қолжетімділігі, ұйымның имиджына шешім қарама-қайшы келмейді және акционерлерге қолжетімді).
- Сонымен, жетекші қабылдайтын шешімдерге әсер ететін факторларға мыналарды жатқызуға болады [4, 180б]:
 - жетекшінің жеке басының қасиеттері;

- ұйымның ортасы-ортаның белгісіздігі, оның турбуленттігі (құбылмалылығы);
- мәліметтің бар болуы;
- ақпаратпен алмасу процедурасы;
- тәуекелділік;
- шешімдердің бүтіндігі мен өзара байланыстылығы.

Басқарушылық шешімнің әзірленуі, 2-суретте көрсетілгендей бес кезеңнен тұратын жүйенің бар болуын түсіндіреді.



2- сурет. Басқарушылық шешім қабылдау сызбасы

Мақсаттар құрастыру. Қойылған мақсат қолда бар қорлардың есепке алынуымен маңызды және жүзеге асырылатын болуы керек.

Шешімдерді талдау және іздеу. Бастапқыда ұйымның алдында тұрған мәселені түсіну қажет, оның табиғилығы мен маңыздылығын анықтау керек. Мәселе – бұл нақты параметрлердің мақсаттықтан ауытқуы, мұндай ауытқудың қандай да бір әрекет жасамаған кезде болу мүмкіндігі, басқару мақсаттарының өзгерісі. Мәселені түсіну процесінде факторлар жиынтықтарын орнату қажет, олар соңғы нәтижеге әсер ететін мүмкін болатын ауытқулар, қорлар туралы мәліметтер және т.б. Мынандай мәселелер болады:

- стандартты, олардың шешімі үшін нұсқау және басқару қажет;
- қатал құрылымдалған шешім-үлгінің экономика – математикалығын қолдану;
- жеңіл құрылымдалған шешім-жүйелік талдау жасау;
- құрылым жасалмаған (жаңа), шешім – сарапшылық баға және пікір [5,786].

Басшы кез-келген проблеманы ең алдымен ұйымдық, басшылық тұрғысында қарастырады. Басшының басқару объекті проблемаларын шешуші ерекше көзқарасының өзі міне, осында. Проблеманы тұжырымдаған көп жағдайда басшының біліміне, тәжірибесіне, іскерлілігіне, осы жұмысқа мамандардың шаруашылық белсенділіктерін жұмылдыра білуге байланысты.

Нақты мәселен, міндетті не себепті қойылғандығын қарастырған кезде басшы жағдайы оның пайда болу себептерін орындауды неғұрлым тиімді ұйымдастыру мүмкіндіктерін т. б. айқындайды.

Шешімді ойдағыдай орындау үшін мақсаттың дәл, әрі айқын болуының айрықша маңызы бар. Кейде бір тұста мақсатты айқындау оңайға түспейді. Өйткені өндірісте күн сайын көптеген міндеттер туындап жатады.

Сондықтан басты бұл принцип бойынша негізделген міндет мақсатқа бағындыру қажет. Мақсаттар қарама-қайшы болуы да мүмкін. Мұндай жағдайда бұл принципті ескерген жөн.

Мақсатты дәл анықтаудың психологиялық мәні де бар, өйткені мұндай жағдайда шешімді орындаушылар батыл әрекет ете алады.

Шешім қабылдау мақсатында мәлімет жинау үшін қолда бар типтік мәліметтерді пайдаланады, арнайы жасалған нышан бойынша сұрау салады жекелей бақылау жүргізеді, мамандармен және қарапайым жұмыскерлермен әңгіме өткізіледі, қалыптасқан жағдайда танысады, эксперименттердің пікірін таңдайды. Егер мүмкіндік болса социологиялық зерттеу жүргізеді.


Шешім қабылдау үрдісі көп жағдайда оның құрылымының нақтылығына байланысты. Жақсы құрылымданған шешім суретте көрсетілгендей болады.



3-сурет. Нақты құрылымданған шешім

Жоғарыдағы суретте көрсетілгендей, нақты құрылымданған оптималды шешімге біз анық қойылған мақсаттар мен тәуекелдерді бағалау арқылы жетеміз. D пакетінің мәліметтерінің болжамы бойынша K болжанатын нәтижелер A баламалы шешімдер үшін жасалуы мүмкін. Содан кейін тәуекелдікті ескере отырып A_{opt} таңдалады, ол A мақсатына сәйкес болады.

Әлсіз құрылымданған шешім төмендегі суретте көрсетілген. Қабылданған шешім ТОШ әсер етеді (жауапкершілік, интуицияның тереңдігі, тәжірибе жинақтау).



4-сурет. Нашар құрылымдалған шешім

Шешімнің жолын шешім үрдісіндегі этаптар мен этап астының өзара байланысқан жиынтығының қалай орындау керек екендігін қарастырады. Әрбір нақты жағдайда бұл үрдіс нақтыланады және жекеленеді.

Шешімдер варианттарын (баламаларын) тұжырымдау, шешімдер варианттар санының (баламаларының) бөлу проблемаларды шешуін ең қолайлы жолын таңдауға мүмкүндік береді. Бір вариантты ғана ойластырып қою, әдетте қолайлы шешімді қамтамасыз етпейді. Мұндай жағдайда болжамдау дегеніміз-ұсыныс түрінде келіп түскен міндеттерді алдын ала сынама вариантта шешу. Алдын ала түскен варианты шешу әдетте міндетті тұжырымдау кезеңінде пайда болады, барлық варианттарды тіпті алғашында орындауға болмайтын сияқты варианты да қарастыру керек, ол үшін осыған ұқсас міндетті шешкен кезде жинақталған тәжірибеден пайдалану қажет. Шешілетін варианттарды таңдау үшін сандық талдауда эвристикалық тәсіл қолданады [6, 2006].

Күрделі мәселелерді шешкенде көптеген фактілер болғанда, ал шешімінің дұрыс болмауы қосымша шығынға ұшратқандықтан міндет шешуін қазіргі математикалық тәсілдерін пайдалану ұсынылады.

Маркетингтік принциптер негізінде кәсіпорынды басқарудың нарықтық экономикасына көшкенде шешім қабылдар алдына нақты жағдайға талдау жасалады да мұндайда кәсіпорынның қандай жағдайда екені анықталып, болжау жүргізіледі (нақты жағдайда кәсіпорын не күтеді) сыртқы орта ықпалы (ол қандай қысым көрсететті) анықталады.

Осыдан кейін маркетингтік синтез жүргізіледі. Мұның мәні мақсат ұсынуы (жағдайды түзету үшін не істеу керек), мақсатты бағалау (не басқалай емес, дәл осылай істеу керек), тек содан кейін ғана шешім қабылдау.

Шешім варианттарын ойластыру дегеніміз не?.

Біріншіден, бұл шешімнің барлық құрамдас әсіресе мақсаты мен міндетін мүмкіндігінше толық тұжырымдайды.

Екіншіден, қойылған мақсатқа жетудің негізгі бағыты, жолымен амалы сондықтан қолда бар еңбек, материалдық, қаржы және басқадай ресурстар, ғылыми идеялар, жаналықтар, өнер табыстары зерттеледі, әсіресе уақыт факторы ескеріледі.

Үшіншіден, басқарушы және басқарылатын жүйелердің, әсіресе осы шешімді жүзеге асыратын кезде басқарумен байланыс арасындағы әрекеттестік пен үйлесімді ойластырады.

Төртіншіден, әр вариант бойынша әрекет нәтижесінің мүмкіндігін бағалайды.

Пікір жинау тәсілпроблема жекелеген міндеттерге жіктеледі эсперттерге қойылған проблемалар тұтастай хабарланып солардың қызмет бабына жататын жекелеген міндеттерді шешуі үшін ұсыныс енгізуді тапсырады.

Артықшылығы: эсперттер қолайлы жағдайды міндетті шешумен шұғылдана алады.

Кемшілігі: ұсыныс талқыланбайды, проблеманы шешу көзқарасы субъективті, артықшылығы: проблемаларды шешуге мамандар мен эсперттерді, соның ішінде басқа ұйымының кеңесшілерін тартуға болатындығы.

Кемшілігі: коммуникацияның жоқтығы, бағалау субъективтік сипатта болады.

Нарықтық экономикаға көшкен жағдайда дербес әрекет етуге балама шешім варианттарын ойластыруға тура келеді, сонымен қоса мұндай жағдайда сыртқы ортадан қауіп-қатер де күшейе түсуі мүмкін, сондықтан да тәуекел ету экономикалық өмірдің ажыратылмайтыны болып саналады [9].

А.М.Омаровтың анықтамасы бойынша – «Тәуекел деген қауіп-қатер төнген жағдайда қоғамға пайдалы нәтижеге жету мақсатында әрекет ету, тәуекел етудің өзіндік нәтижесінің тым көп немесе шамалы болатындығы. Тауекел еткенде шешу міндетінің қалай орындалатындығын, табысқа жетуі жетпеуін күні бұрын болжау мүмкін емес. Тәуекел ету ең алдымен шаруашылық нақты жағдайдан ауытқығанда, шығынға ұшырау қатері төнгенде және сонымен қоса пайда табу мүмкіндігі туғанда пайда болады.

Жоғары нәтижеге жетуді қамтамасыз ететін шешімнің өзі де әдетте, нағыз тәуекел шешім болып саналады, сол себептенде батыл тәуекел талабы жоғары нәтижеге жету ниетін көздейді. Тәуекелсіз зор табысқа жету мүмкін емес.

Менеджментте батыл шешімге барғысы келмейтін басшы ұйымы үшін қауіпті оны тоқырауға ұшыратушы деп саналады. Әдетте батыл шешім қабылдаудан тайсақтайтын менеджерлер творчестволық ізденіске бейімсіз, шаруашылық міндеттер жүзеге асыруға қабілетсіз адамдар ретіне бағаланады.

Практикада мәні шамалы деген себеп сирек болады, өзінің табиғаты жағынан олар мүмкін болатын, демек тәуекел міндеттері. Мәлімет жетіспегенде және факторлар айқын болмаған жағдайда басшының түрліше таңдау жасауына тура келеді [7, 96б]:

Отандық және шет елдік тәжірибелердің көрсеткеніндей іскерлік тәуекел ету белгілі бір принциптерге сәйкес әрекет ете білуге байланысты. Сондықтан да іскер басшылар батыл шешім қабылдаудан қорықпайды.

Шаруашылығы тарапындағы ішкі және сыртқы себептерден туындайтын қауіп-қатерді зерттеудің елеулі мәні бар. Ар жағдайда басшы қабылдаған шешімді жүзеге асыру нәтижесінде мүмкін болатын ұтыс пен ұтылысты таразылайды. Мұндайда шешімді әр түрлі вариантты, параметрлерді соның ішінде болмаған сандық бағасы бойынша салыстырылады да содан кейін оның ең қолайлысы таңдап алынады.

Шешім қабылдау процесіне белгілі бір мәселелерге байланысты көптеген факторлар әсер етеді. Олар кәсіпорынның ішкі факторы немесе сыртқы факторы болады.

Сыртқы фактор. Кез келген шешім кәсіпорындағы шешімді тек сырттан әсер ететін факторлардың барлығы белгілі болғанда ғана қабылдайды. Мысалы: мемлекеттің нарықтық жағдайға деген саясатты жеткізуші, жеке және көтерме делдалдар. Сыртқы факторлардан ерекше орын алатын бәсекелестер, олардың іс-әрекетіне зиян келтіруі мүмкін. Шешім қабылдау процесі сыртқы факторларға байланысты болады.

Ішкі факторлар. Ішкі факторлар тек кәсіпорынның ішінде болатын факторларға ғана емес сонымен қатар бөлімшелердің ішінде пайда болатын

факторларға әсер етеді. Мысалы: адамның алған білімі мен жұмыс істеген мерзімі олар шешім қабылдау кезінде міндетті түрде үлесін қосады. Барлық қызметкерлердің ақпараттануы шешім қабылдаудың сапасына шешім қабылдауға қатысты қызметкерлердің жақсы ақпараттануы әсер етеді. Сонымен қатар ішкі факторларға уақытты жатқызамыз. Себебі ақпаратты жинауға уақыт жеткілікті болса мәселені жан-жақты терең зерттеуге мүмкіндік туады. Және содан шешімнің дұрыс болу ықтималдылығы жоғарлайды. Егер шешім қабылдаушы тұлғаның жеке басының қасиеттері жақсы болып, шешім қабылдау қабілеті жоғары бола тұрып, өз шешімдеріне жауап бере алатын болса, онда оның шешімін қолаушылары да көп болады.

Кәсіпорындар күрделі объект, ал олардың өздері одан да күрделі объектінің бір бөлігі. Қабылданған шешімнің жүзеге асуы ақпаратпен қамтамсыздану, тәуекелді болжау, уақыт пен теріс нәтижені болжай білу арқылы қол жетімді мақсаттарды алдына қою.

Басқару шешімдерін жасау әдістерінің ең кең тараған түрі – «ми шабуылы» әдісі. Мұның мәнісі эксперттер негізінде және проблемадағы әр түрлі көзқарасты ескерте отырып, проблеманы дәл тұжырымдау, оны шешу амалдарын қарастыру. Мұндайда мынадай қағиданы басшылыққа алады. Әуелі бір проблемаға назар аударады. Содан кейін кез-келген идеяны, оның орынды-орынсыздығына немесе практикалық құндылығы күмәнді бола тұрса да қарастырады. Ұсынылған ұсынысты сынауға немесе бағалауға тыйым салынады. Жаңа идеяны генерациялауды қолдайды, әрі көтермелейді, творчестволық ахуалды қуаттайды. «Ми шабуылы» нәтижесі бойынша секцияға қатысушылар анкета толтырады және «мақсат тармағы» жасалады. Бұл тәсіл көптеген жақсы идеяны жинауға мүмкіндік береді. Әр түрлі көзқарастар синтезделеді. Мұның барлығы жаңа, сонғы проблемаларды шешуге ықпал етеді.

Артықшылығы: әр алуан ой-пікірлер проблемаларды неғұрлым терең түсінуге ықпал етеді.

Кемшілігі: секцияға қатысушылардың барлығы бірдей проблеманы жете түсінбеуі толық таныспауы, сол себептен олар оны шешуге өз үлестерін қоса алмауы мүмкін.

«Пікір жасау» әдісі. Проблема жекелеген міндеттерге жіктеледі. Эксперттерге қойылған проблемалар тұтастай хабарланып, солардың қызмет бабына жататын жекелеген міндеттерді шешу үшін ұсыныс енгізуді тапсырады.

Артықшылығы: эксперттер қолайлы жағдайды міндетті шешумен шұғылдана алады.

Кемшілігі: ұсыныс талқыланбайды, проблеманы шешу көзқарасы субъективті.

«Дельфи» әдісі. (Көне Греция мифологиясы бойынша кеңес алу үшін дельфийлік оракулге жүгінетін болған). Эксперттер мен мамандардан белгілі бағдарлама бойынша сұрайды. Бұлар бағдарламаны жүзеге асыру мүмкіндігін бағалауы, әрі өз пікірлерін негіздеуі тиіс [8, 150б]:

Артықшылығы: проблемаларды шешуге мамандар мен эксперттерді, соның ішінде басқа ұйымның кеңесшілерін тартуға болатындығы.

Кемшілігі: коммуникацияның жоқтығы, бағалау субъективтік сипатта болады.

Морфологиялық әдіс (элементтер бойынша талдау). Проблемалар көптеген міндеттер мен мәселелерге жіктеледі. Әрбір шешімдер белгіленеді, осыдан кейін олар салыстырылады. Содан кейін шешім таңдап алынады да, тұтастай проблеманы шешу үшін жинақталады.

Артықшылығы: проблема мәнін терең түсінуге және ұғынуға мүмкіндік береді.

Кемшілігі: шешілетін проблема аясының тым тарлығы.

Шешім қабылдаудың кез-келген әдісінде ақырғы вариантты таңдау, соған тікелей жауап беретін басшының билігінде [9, 100б].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, қарастырылып отырған дипломдық жұмыстың тақырыбы бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Шешімдерді қабылдау бұл басқару өнерінің саласы. Бұны жасау қабілеттілігі мен шеберлігі жетекшінің бүкіл өмір бойына жинаған тәжірибесімен дамиды. Білім мен шеберліктің жиынтығы кез келген жетекшінің хабардарлығын құрайды және соңғы деңгейіне байланысты тиімді немесе тиімсіз жұмыс жасап жатқан менеджер туралы айтылады.

ПАЙДАЛАҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Гасанов А.З. Разработка управленческого решения. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2016.
2. Рейльян Л.Р. Аналитическая основа принятия управленческих решений. М.: Финансы и статистика, 2017.
3. Карданская Н.Л. Основы принятия управленческих решений: Учебное пособие. – М.: Русская Деловая Литература, 2018.
4. Менеджмент организации. Учебное пособие /Под ред. З.П.Румянцевой, Н.Л.Саламатина. – М.: ИНФРА – М, 2018.
5. Эддоус М., Стенсфилд Р. Методы принятия решений. /Пер.с англ. Под ред. И.И.Елисеевой. -М.Банки и биржи, 2021.
6. Литвак Б.Г. Управленческие решения. Учебное пособие.-М. 2018.
7. Фатхутдинов Р.А. Разработка управленческого решения.-М.Интел-синтез, 2021.
8. Фатхутдинов Р.А. Разработка управленческого решения. Учебное пособие.-М.2019.
9. Гасанов А.З. Разработка управленческих решений: учебное пособие, опубл. на <http://az-g.narod.ru>.
10. Балдин К.В. и др. Управленческие решения: Учебник/ Балдин К.В., Воробьев С.Н., Уткин В.Б. - 3-е изд. - М.: Дашков и К, 2017. - 496 с.

УДК 656

Э.Р. Кузенбаева¹, Т.А. Айыпова²

Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты,
Алматы қ., Қазақстан

¹E-mail: elmira.kuzenbaeva@mail.ru

²E-mail: tolkin_bota@mail.ru

ҚАЛАЛЫҚ ЖОЛАУШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЛОГИСТИКАСЫН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ КӨЛІКТІҢ АЛЬТЕРНАТИВТІ РЕЖИМІ

АЛЬТЕРНАТИВНЫЙ ВИД ТРАНСПОРТНОГО СРЕДСТВА КАК ОСНОВА РАЗВИТИЯ ЛОГИСТИКИ ГОРОДСКОЙ ПАССАЖИРСКОЙ СИСТЕМЫ

ALTERNATIVE TRANSPORT TYPE AS A BASIS FOR THE DEVELOPMENT OF URBAN PASSENGER SYSTEM LOGISTICS

Аңдатпа. Заманауи қалалық жолаушылар көлігін жобалау дәстүрлі ғана емес, баламалы көлік түрлерін қолдану арқылы жүзеге асырылуы керек, өйткені олардың артықшылықтарының үйлесімі логистикалық тұрғыдан оңтайлы жүйені құруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: көліктің баламалы түрлері, монорельс, қалалық рельсті көлік, метро, фуникуляр, жүрдек трамвай, логистика.

Аннотация. Проектирование современного городского пассажирского транспорта должно осуществляться с использованием не только традиционных, но и альтернативных видов транспорта, поскольку совокупность их преимуществ позволяет создать логистически оптимальную систему.

Ключевые слова: альтернативные виды транспорта, монорельсовая дорога, городской железнодорожный транспорт, метро, фуникулер, скоростной трамвай, логистика.

Abstract. Designing a modern urban public transport should be carried out using not only traditional but also alternative modes of transport, because the combination of their advantages allows to create an optimal system on logistics basic.

Keywords: Alternative modes of transport, light rail, city train, logistics.

КІРІСПЕ

Қалалық ортаның заманауи дамуы қалалық сәулет, әлеуметтік нысандар, коммерциялық жылжымайтын мүлік, көлік инфрақұрылымы сияқты салалардың қатар дамуымен байланысты. Соңғысы жоғары сапалы жоспарлау

және жүзеге асыру арқылы дамудың келесі раундының әлеуетіне қатты әсер етеді немесе тоқырауға әкелуі мүмкін. Жақсы жобаланған көлік жүйесі қаланың экономикасын, әлеуметтік және мәдени өміріне тиімді қолдау көрсете отырып, жүктер мен жолаушылар қозғалысын қамтамасыз етеді.

Өнімді көлік жүйесін құру көбінесе оның құрамдас бөліктерімен анықталады. Заманауи көлік технологиялары әртүрлі шектеулерді ескере отырып, оңтайлы жүйені құру үшін әртүрлі көлік түрлерінің әртүрлі логистикалық артықшылықтарын біріктіруге мүмкіндік береді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Шетелдік жолаушылар көлігі жүйелері бәсекелестік ортаны құруға мүмкіндік беретіндей етіп құрылған, осылайша көлік қызметтері нарығын пайдаланушыларға тек қозғалыс жылдамдығы тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар көліктердің халық саны, маршруттың трансферінің (тоқтаусыз) саны, саяхаттың экологиялық тазалығы әртүрлі көлік түрлерінің арасында таңдау жасауға мүмкіндік береді. Бұл ретте мемлекеттік реттеу жүйелері жерүсті көлігінің бір түрінің бағыттары арасында бәсекелестік тудыруға мүмкіндік береді, өйткені маршруттарды әртүрлі көлік компаниялары басқарады. Осылайша, жолаушылар қозғалысын жоспарлай отырып, көптеген талаптарға сай келетін көлік түрі мен маршрутты таңдай алады. Сонымен қатар, қалалық көлік жүйесі берілген бағыттар бойынша көлік құралдарының үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін конструктивті және әкімшілік шешімдерді ұсынады, осылайша оның тартымдылығын арттырады. Көлік қызметтерін пайдаланушыларға тек А нүктесінен В нүктесіне көшу ғана емес, сонымен қатар оңтайлы бағытты құра алу үшін максималды ақпарат кепілдендірілген қызмет көрсетіледі.

Көліктің әртүрлі баламалы түрлері белсенді түрде қолданылады, өйткені заманауи технологиялар қалалық көлік жүйесінің сапалы құрамдас бөлігін арттыруға мүмкіндік береді. Қалалық жолаушылар көлігі жүйесін дамытуға инвестиция тарту өз кезегінде қызмет көрсету сапасын арттырады, бұл жеке көліктен гөрі қоғамдық көлікті таңдаудың маңызды критерийі болып табылады.

Қалалық жолаушылар көлігінің тиімді жүйелерін жобалау және қалыптастыру көлік түрлерінің әртүрлі артықшылықтарын біріктіру арқылы мүмкін болады. Барлық түрлерін екі негізгі топқа бөлуге болады: дәстүрлі және балама көлік түрлері.

Бірінші топқа автобус, троллейбус, трамвай қызметтері кіреді. Көліктің бұл түрлері көбінесе әртүрлі қалалық жүйелерде, қаланың маршруттық желісінің шеңберін құру кезінде қолданылады. Бұл ретте олардың әрқайсысын пайдаланудың ерекшеліктері мен мүмкіндіктері ескеріледі.

Қалалық жол желісінің әртүрлі учаскелерінде сол немесе басқа көлік түрлерін пайдалану көлік түрлерінің жүк көтергіштігімен, олардың маневрлілігімен, қозғалыс жылдамдығымен де анықталады. Классикалық түрде *автобус* қызметін пайдалану үлкен жолаушылар ағынымен мүмкін. Сонымен қатар, жоғарыда аталған факторлар ғана емес, сонымен қатар күтпеген жағдайларда

берілген маршруттардан ауытқу мүмкіндігі де ерекшеленеді. Көптеген қалаларда қалалық жолаушылар көлігі жүйесінің негізін автобус қозғалысы құрайды. Бұл ретте сыйымдылығы үлкен автобустар да, шағын сыйымдылықтағы автобустар да белсенді пайдаланылуда. Ал соңғысы, іске асырудың бастапқы кезеңінде көп ақшаға жоғары сапалы қызметтерді көрсетуге арналған, қазіргі уақытта жай ғана жолаушылар тасымалдауын бақылаусыз жүзеге асыратын көліктер болып табылады, өйткені олардың саны өте маңызды, ал сыйымдылығы жоғары автобустар мен әсіресе шағын автобустар арасында нормативтік теңгерім жоқ.

Қалада тасымалданатын жолаушылар саны бойынша екінші орында *троллейбус* көлігі. Классикалық түрде оның негізгі артықшылықтары: «қоршаған ортаға зиянсыздығы, діріл әсерінің төмендігі, жүру ыңғайлылығы, маневрлік (теміржол көлігімен салыстырғанда), кабинада шығатын иістердің болмауы тұрғысынан таза жүру, тасымалдаудың салыстырмалы түрде төмен құны және соның нәтижесінде төменірек жол жүру ақысы». Сонымен қатар, оның маневрлік қабілеті және апаттық жағдайда маршрутты өзгерту мүмкіндігі өте аз, сонымен қатар қозғалысты ұйымдастыру және жүргізу үшін энергия көзіне тәуелділікті есте сақтау қажет. Осылайша, шетелде бұл мәселелер электрлік тартқышпен де, ол болмаған жағдайда немесе трассада кедергілер туындаған кезде дизельдік отынмен де жұмыс істеуге қабілетті әмбебап жылжымалы құрамды сатып алу арқылы шешіледі. Бұл техникалық шешім көліктің осы түрінің пайдаланына дәлелдер санын көбейтуге мүмкіндік береді.

Көліктің үшінші дәстүрлі түрі – *трамвай*. Кейбір шағын қалалардың (Павлодар, Қарағанды) отандық тәжірибесі жолаушы айналымы айтарлықтай жоғары көлік түрін дамытуда оң нәтижелер көрсетіп отыр. Бірқатар артықшылықтар, мысалы, жоғары жүк көтергіштігі, қоршаған ортаға зиянсыздығы, төмен шу және діріл әсерлері (трамвай жолын және жылжымалы құрамды жаңартуға инвестициялау жағдайында) көптеген қалаларда көліктің бұл түрін белсенді пайдалануға мүмкіндік береді, тіпті оның эволюциялық дамуын жоғары жылдамдықты трамвайға дейін жүзеге асырады. Тарихи тұрғыдан алғанда, көлік жүйесінде қаланың орталық бөлігін шеттермен байланыстыратын кең трамвай бағыттары болды және іс жүзінде оны пайдалану үшін база болды. Алайда, қалалық ортаны дамытуды стратегиялық жоспарлау кезінде жүргізілген бағалау барысында жолаушылар трамвай көлігінен қауіпті жағдайда шыққан кезде жолға байланып қалу, қала ортасын дамыту бойынша бірқатар кемшіліктер анықталды, сондай-ақ шығатын жолаушыларды өткізу үшін қажетті қозғалысты тоқтату, көліктің бұл түрінен бас тартуға себеп болды. Мысалы, АҚШ-та, Австрияда, Германияда, Францияда көліктің бұл түрінің жұмыс жағдайлары өзгертілді, бұл ақыр соңында жоғары жылдамдықты трамвайлардың пайда болуына әкелді.

Баламалы көлік түрлерінің санатын қарастыра отырып, монорельсті, қалалық рельсті көлік, метро, фуникуляр, жүрдек трамвай сияқты түрлерін атап өткен жөн.

Монорельсті көлік ірі тұрғын аудандарды қаланың өндірістік аудандарымен байланыстыру үшін қолайлы. Жобалау кезінде қозғалыс үшін монорельстік арқалық бар тіректер мен эстакадаларды, сондай-ақ тоқтау кешендерін орналастыру қажеттілігін ескеру қажет. Көліктің бұл түрі қалалық көлік жүйесін дамытуда жиі қолданылмайды, бірақ қазіргі уақытта теміржол вокзалын әуежаймен байланыстыру үшін Болонья қаласында (Италия) көліктің бұл түрін пайдалану жобасы бар. Оның үстіне монорельстің өзінде үш аялдама ғана болады. Бұл жолаушылардың көлік тораптары арасында жүру уақытын қысқартып, қолданыстағы көрсеткіштермен салыстырғанда бұл бағыттың өткізу қабілетін арттырады. Айта кету керек, бұл бірегей жағдай, өйткені көліктің бұл түрі тиімділігі төмен болып саналады.

Қала желісінің дамуы көбінесе қала шегіндегі теміржол жолдарын «жабады». Ал қазіргі кезеңде көлік кептелісі мен стандартты көлік бағыттарын айналып өтіп, қала ішінде елеулі жолаушылар ағынын тасымалдауға мүмкіндік беретін «қалалық пойызды» іске қосу үшін осындай жолдарды пайдалану жобалары бар. Жоғары экологиялық тазалықты және қолданыстағы инфрақұрылымды пайдалану фактісін атап өткен жөн. Мұндай жобалардың артықшылығы – қала ішіндегі халықтың ұтқырлығын арттыру, жол желісін түсіру.

Бір миллионнан астам халқы бар қалаларда *метро* экономикалық тұрғыдан тиімді. Көліктің бұл түрін пайдалану жер асты немесе қоршалған жолдар бойынша жаппай жолаушылар ағындарын жылдам және қауіпсіз жылжытуға мүмкіндік береді. Алайда, айта кететін жайт, бұл көліктің құрылысы мен пайдалануына кететін шығындар бойынша ең қымбат көлік түрі, сондықтан оны пайдалану тек бір бағыттағы жолаушылар ағыны сағатына кемінде 25 мың адам болған жағдайда ғана экономикалық тұрғыдан негізделген.

Жоғары жылдамдықты трамвай заманауи технологияларды пайдалана отырып, көше трамвайларын дамытудың логистикалық синтезі болып табылады. Қазіргі уақытта оның көліктік сипаттамалары әлемнің көптеген ірі қалаларына оның белсенді дамуының пайдасына таңдауға мүмкіндік береді. Оларға шудың төмен әсері, қоршаған ортаға зиянсыздығы, жоғары қозғалыс жылдамдығы мен қауіпсіздігі жатады. Кейбір жағдайларда оның бұрын қарастырылған метромен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар, өйткені ол аз экономикалық инвестицияны қажет етеді. Жолаушылар тұрғысынан жеңіл рельсті жолмен жүру метрода бірдей қашықтықты жүруге қарағанда әлдеқайда аз уақытты алады.

Кейбір қалалық жүйелерде *фуникулярлық* және *аспалы жолдар* сияқты көлік түрлерін табуға болады. Оларды пайдалану жер бедерінің ерекшеліктерімен анықталады. Дегенмен, олардың қозғалыс жылдамдығы мен жиілігі іссапарлар мен жұмыс сапарларын ұйымдастыруға мүлдем сәйкес келмейтінін, керісінше мәдени және демалыс мақсатында екенін түсіну керек. Мұндай көлік түрлерін пайдалану туристік ағыны көп қалаларда орынды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жақсы жобаланған көлік жүйесі қаланың экономикасын, әлеуметтік және мәдени өміріне тиімді қолдау көрсете отырып, жүктер мен жолаушылар қозғалысын қамтамасыз етеді.

Бұл ретте мемлекеттік реттеу жүйелері жерүсті көлігінің бір түрінің бағыттары арасында бәсекелестік тудыруға мүмкіндік береді, өйткені маршруттарды әртүрлі көлік компаниялары басқарады. Осылайша, жолаушылар қозғалысын жоспарлай отырып, көптеген талаптарға сай келетін көлік түрі мен маршрутты таңдай алады. Сонымен қатар, қалалық көлік жүйесі берілген бағыттар бойынша көлік құралдарының үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін конструктивті және әкімшілік шешімдерді ұсынады, осылайша оның тартымдылығын арттырады.

Қалалық жолаушылар көлігі жүйесін дамытуға инвестиция тарту өз кезегінде қызмет көрсету сапасын арттырады, бұл жеке көліктен гөрі қоғамдық көлікті таңдаудың маңызды критерийі болып табылады. Қалалық жолаушылар көлігінің тиімді жүйелерін жобалау және қалыптастыру көлік түрлерінің әртүрлі артықшылықтарын біріктіру арқылы мүмкін болады.

Қорыта келгенде, қалалық жолаушылар көлігінің үйлесімді және тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру табиғаты бойынша техникалық, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық факторлардың айтарлықтай санын ескеруі керек. Жобалау тек сандық сипаттамаларды ғана емес, сонымен қатар жолаушылардың сапалық талаптарын, сондай-ақ заманауи логистикалық талаптарды ескере отырып жүзеге асырылуы керек.

ПАЙДАЛАҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Гузенко, А.В. Вихрева, Н.А. Система городского пассажирского транспорта: логистика и регулирование: моногр. - Ростов н/Д, 2011.
2. Мамаев, Э.А., Ковалева, Н.А. Железнодорожный транспорт в системе развития городского пассажирского транспорта // Вестник Ростовского государственного экономического университета (РИНХ). – 2013. - № 4 (44). - С. 53 – 59.
3. Жусупов А.Е., Мактамкул К. Көлік саласының дамуын мемлекеттік реттеу бағыттары // Молодой ученый -2016. - №5.5. – с. 50.

**ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ
НАУЧНОГО ЖУРНАЛА «ВЕСТНИК
КазАДИ им. Л.Б.ГОНЧАРОВА**

Редакционная коллегия просит авторов руководствоваться следующими правилами при подготовке статей для опубликования в журнале.

Научные статьи, представляемые в редакцию журнала должны быть оформлены согласно базовым издательским стандартам по оформлению статей в соответствии с ГОСТ 7.5-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов», при статейных библиографических списках в соответствии с ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».

**Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии
со следующими правилами:**

– В журналы принимаются статьи по всем научным направлениям в 1 экземпляре, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с полями 30 мм со всех сторон листа, электронный носитель со всеми материалами в текстовом редакторе «Microsoft Office Word (97, 2000, 2007, 2010) для WINDOWS».

– Общий объем статьи, включая аннотации, литературу, таблицы, рисунки и математические формулы не должен превышать 10-12 страниц печатного текста. *Текст статьи: кегль – 14 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка).*

Статья должна содержать:

1. **УДК** по таблицам универсальной десятичной классификации;

2. **Инициалы и фамилия** (-и) автора (-ов) – на казахском, русском и английском языках (*прописными буквами, жирным шрифтом, абзац 1 см по левому краю*);

3. **Ученую степень, ученое звание, место работы** (учебы), **город** (страна для зарубежных авторов);

4. E-mail;

5. **Название статьи** должно отражать содержание статьи, тематику и результаты проведенного научного исследования. В название статьи необходимо вложить информативность, привлекательность и уникальность (*не более 12 слов, заглавными прописными буквами, жирным шрифтом, абзац 1 см по левому краю, на трех языках: русский, казахский, английский.*);

6. **Аннотация** – краткая характеристика назначения, содержания, вида, формы и других особенностей статьи. Должна отражать основные и ценные, по мнению автора, этапы, объекты, их признаки и выводы проведенного исследования. Дается на казахском, русском и английском языках (*рекомендуемый*

объем аннотации – 30-150 слов, прописными буквами, нежирным шрифтом 12 кегль, абзацный отступ слева и справа 1 см.);

7. Ключевые слова – набор слов, отражающих содержание текста в терминах объекта, научной отрасли и методов исследования (*оформляются на языке публикуемого материала: кегль – 12 пунктов, курсив, отступ слева-справа – 3 см.*). Рекомендуемое количество ключевых слов – 5-8, количество слов внутри ключевой фразы – не более 3. Задаются в порядке их значимости, т.е. самое важное ключевое слово статьи должно быть первым в списке (*см. образцы*);

8. Основной текст статьи излагается в определенной последовательности его частей, включает в себя:

- слово ВВЕДЕНИЕ / КІРІСПЕ / INTRODUCTION (*нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре*).

Необходимо отразить результаты предшествующих работ ученых, что им удалось, что требует дальнейшего изучения, какие есть альтернативы (если нет предшествующих работ – указать приоритеты или смежные исследования). Освещение библиографии позволит отгородиться от признаков заимствования и присвоения чужих трудов. Любое научное изыскание опирается на предыдущие (смежные) открытия ученых, поэтому обязательно ссылаться на источники, из которых берется информация. Также можно описать методы исследования, процедуры, оборудование, параметры измерения, и т.д. (*не более 1 страницы*).

- слова ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ / НЕГІЗГІ БӨЛІМ / MAIN PART (*нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре*).

Это отражение процесса исследования или последовательность рассуждений, в результате которых получены теоретические выводы. В научно-практической статье описываются стадии и этапы экспериментов или опытов, промежуточные результаты и обоснование общего вывода в виде математического, физического или статистического объяснения. При необходимости можно изложить данные об опытах с отрицательным результатом. Затраченные усилия исключают проведение аналогичных испытаний в дальнейшем и сокращают путь для следующих ученых. Следует описать все виды и количество отрицательных результатов, условия их получения и методы его устранения при необходимости. Проводимые исследования предоставляются в наглядной форме, не только экспериментальные, но и теоретические. Это могут быть таблицы, схемы, графические модели, графики, диаграммы и т.п. Формулы, уравнения, рисунки, фотографии и таблицы должны иметь подписи или заголовки (*не более 10 страниц*).

- слово ВЫВОДЫ/ҚОРЫТЫНДЫ /CONCLUSION

(*нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, по центру*).

Собираются тезисы основных достижений проведенного исследования. Они могут быть представлены как в письменной форме, так и в виде таблиц, графиков, чисел и статистических показателей, характеризующих основные выявленные закономерности. Выводы должны быть представлены без интерпретации авторами, что дает другим ученым возможность оценить качество

самых данных и позволит дать свою интерпретацию результатов (*не более 1 страницы*).

9. **Список использованных источников** включает в себя:

слово СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ / ПАЙДАЛАН-
ҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМ /REFERENCES (*Нежирными заглавными буквами,
шрифт 14 кегль, в центре*).

Очередность источников определяется следующим образом: сначала последовательные ссылки, т.е. источники на которые вы ссылаетесь по очередности в самой статье. Затем дополнительные источники, на которых нет ссылок, т.е. источники, которые не имели место в статье, но рекомендованы вами для кругозора читателям, как смежные работы, проводимые параллельно. Рекомендуемый *не более чем из 20 наименований* (ссылки и примечания в статье обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Статья и список литературы должны быть оформлены в соответствии с ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003.

10. **Иллюстрации, перечень рисунков** и подрисуночные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

11. **Математические формулы** должны быть набраны в Microsoft Equation Editor (каждая формула – один объект).

На отдельной странице (после статьи)

В бумажном и электронном вариантах приводятся полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, e-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются).

Информация для авторов

Все статьи должны сопровождаться двумя рецензиями доктора или кандидата наук для всех авторов.

Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. При необходимости статья возвращается автору на доработку. За содержание статьи несет ответственность Автор.

Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам. Датой поступления статьи считается дата получения редакцией ее окончательного варианта.

Статьи публикуются по мере поступления.

Периодичность издания журналов – четыре раза в год (ежеквартально).

Л.Б.Гончаров ат. Қазақ автомобиль-жол институтінің ХАБАРШЫСЫ

Ғылыми журнал
2023 жылдан шыға бастады.
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде тіркеліп,
2022 ж. 5 сәуір No KZ14VPY00047598 куәлігі берілген.

ВЕСТНИК Казахского автомобильно-дорожного института им. Л.Б.Гончарова

Научный журнал
Издается с 2023 г.
Зарегистрирован Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан. Свидетельство No № KZ14VPY00047598 от 5 апреля 2022г.

BULLETIN of Kazakh Automobile and Road Institute named after L.B.Goncharov

Scientific journal
Published since 2023
Registered by the Ministry of Information and Social Development Republic of Kazakhstan.
Certificate No. KZ14VPY00047598 dated April 5, 2022.

Редакторлар – Редакторы
Өскенбаева Назгүл
Корректорлар – Корректоры
Маралова Айту
Руководитель издательства Қасымжанов Төлеухан

Editor Oskenbayeva Nazgul
Copy editor Maralova Aity
Publishing director Kassymzhanov Toleukhan

Материалдарды компьютерде терген және беттеген О.А.Баймбетова
Набор, верстка, изготовление оригинал-макета О.А.Баймбетова
Text Layout, lead out production of the original layout O.A.Baimbetova

Басуға 23 желтоқсан 2024 ж. Қол қойылды.
Форматы 60×84/8. Офсет қағазы.
Шартты баспа табағы 18.
Баспа нұсқасы. Таралымы 20 дана. Тапсырыс №56.
Бағасы келісім бойынша.

Подписано в печать 23 декабря 2024 г.
Формат 60×84/8. Бумага офсетная.
Усл. печ. л. 18.
Печатная версия. Тираж 20 экз. Заказ №56.
Цена договорная.

Signed to print on December 23, 2024.
Format 60×84/8. Offset paper.
Conventional printing plate 18.
Printed version. Circulation 20 copies. Order №56.
The price is negotiable.

Қазақ автомобиль-жол институті. 050061, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 415 В.
Казахский автомобильно-дорожный институт. 050061, г. Алматы, проспект Райымбека, 415 В.
Kazakh Automobile and Road Institute. 050061, Almaty, 415 B Raiymbek Avenue.